

Бекітемін

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу
Университеті» КЕ АҚ Басқарма
Төрағасы- Ректор, г.ғ.д., профессор
_____ Қ. Баймырзаев

«_____»_____ 2021 ж.

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті» КЕ АҚ ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ ІНҚ-ZU-33-02

	Лауазымы	А.Т.Ә.	Дата	Қолы
Әзірледі	«Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің жетекшісі	Е.Ж. Беисов		
Келісілді	Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор	А.С. Бахтаулова		
	Басқарма мүшесі – Жастар саясаты жөніндегі проректор	Б.А. Сериев		
	Мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің заңгері	Б.М. Садуакасова		
Ғылыми кеңестің 2021 жылғы 28 қазандағы шешімімен қолданысқа енгізілді (№3 хаттама)				

Талдықорған қ., 2021

ІНҚ-ZU-33-02	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	8-беттен 2 бет
--------------	--	-------------------

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу аясы.....	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Белгілер мен қысқартулар	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарттың қағидалары	4
7	Қызметкерлердің мінез-құлық (іс-қимыл) ережелері	4
8	Стандартты орындау.....	6
9	Жауапкершілік	6
10	Өзгерістер.....	6
	Өзгерістерді тіркеу парағы.....	7
	Танысу парағы.....	8

ІНҚ-ZU-33-02	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	8-беттен 2 бет
--------------	--	-------------------

1 ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

1. Осы ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі-Университет) қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

1.2 Стандарт университет қызметінде азаматтардың, университеттің және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және функцияларды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

1.3 Стандарт Университет қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

1.4 Стандарт Университет қызметкерлері мен білім алушыларының орындауы үшін міндетті.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Стандартта мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ЗРК Заңы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңы	Мемлекеттік сатып алулар жөнінде
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Жарғысы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 22 мамырдағы № 306 бұйрығымен бекітілген «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Жарғысы
Ұжымдық шарт	2021 жылғы 27 қаңтардағы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ және қызметкерлері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған Ұжымдық шарт
ІНҚ-ZU-40-02	«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-ның Студенттер үйінде орындар бөлу ережелері
ІНҚ-ZU-13-04	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жатақханаларында тұру ережелері
ІНҚ-ZU-20-02	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ академиялық адалдық саясаты
ІНҚ-ZU-06-04	Құрылымдық бөлімшелер басшыларының бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу туралы ереже
ІНҚ-ZU-07-01	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, материалдық ынталандыру, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы төлеу шарттары туралы ереже
ІНҚ-ZU-15-02	Құжатталған рәсім. Құжатталған ақпаратты басқару

3 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Стандартта мынадай белгілер мен қысқартулар пайдаланылады:

Университет, Қоғам	«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
--------------------	--

ІНҚ-ZU-33-02	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	8-беттен 2 бет
--------------	--	----------------

Стандарт	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және университет, білім алушылар, оның қызметкерлері мен басшы құрам қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

4.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- университет әкімшілігінің, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің, сондай-ақ білім алушылардың функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлық пен жауапкершілікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- университетте сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру.

5 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ ҚАҒИДАЛАРЫ

Стандарттың негізгі қағидаларына мыналар жатады:

- ақпараттық ашықтық қағидаты (ақпараттың шынайылығы, жарияланымның уақтылығы);
- қолжетімділік және түсініктілік қағидаты (жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, саясаттар);
- азаматтық қоғамды тарту қағидаты;
- есеп беру қағидаты (қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту)
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын пайдаланудың жүйелілігі мен кешенділігі қағидаты.

6 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ТҮРҒЫСЫНАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ (ІС-ҚИМЫЛ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

6.1 Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қызметкерлердің міндеті:

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген моральдық құндылықтар жүйесін, міндеттемелер мен адал мінез-құлық талаптарын насихаттауға жәрдемдесу;
- азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік көріністеріне жол бермеу;
- мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді уақтылы көрсету;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығы.

6.2 ПОҚ және қосалқы персонал білім беру қызметтерін ұсыну кезінде мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- академиялық адалдықтың нақты, әділ және объективті стандарттарын, дәйексөз келтіру ережелерін және мінез-құлықты сақтау;
- білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу рәсімдерінің ашықтығы, Академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес қарыз алу мәніне барлық жазбаша жұмыстарды уақтылы тексеру;
- оқу жүктемесінің бөлінуін тексеру және қоғамның штаттық кестесін ұтымды қалыптастыру.

6.3 Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде

ІНҚ-ZU-33-02	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	8-беттен 2 бет
--------------	--	----------------

қызметкерлердің міндеті:

- барлық жарияланатын ғылыми жұмыстардың: дипломдық жұмыстардың, магистрлік және докторлық диссертациялардың, мақалалардың, есептердің, монографиялардың және т. б. плагиатына тексеру жүргізу кезіндегі ашықтық;

- лицензияланбаған журналдардағы жарияланымдарды алып тастау.

6.4 Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қызметкерлер міндетті:

- мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

- мемлекеттік сатып алуды қатаң түрде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асыру;

- заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

- мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы.

6.5 Кадр саясатын іске асыру және персоналды іріктеу, орналастыру және дамыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кезінде қызметкерлер міндетті:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, ішкі нормативтік құжаттармен, меритократия қағидаттарымен регламенттелетін профессор-оқытушылар құрамының бос орындарына конкурстар өткізу қағидаларына сәйкес персоналды жұмысқа орналастыру шарттары;

- қызметкерді жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен уақтылы таныстыру, қажет болған жағдайда қызметкердің тиісті оқудан өтуі ;

- қоғамға осы Стандартты бұзатын қызметкерлерге тиісті тәртіптік шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін рәсімдердің болуы;

- негізсіз жазаға, кемсітушілікке жол бермеуден немесе тәртіптік жазалау шараларын қолданудан (қорқыту, оқшаулау, лауазымын төмендету, жоғарылатуға, ауыстыруға, жұмыстан шығаруға, қорқытып-үркітуге және қудалауға кедергі келтіруден) көрінетін қызметкерлердің қауіпсіздігі.

6.6 Басқарма өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

- КРІ жүйесін енгізу арқылы қызметкерлердің нәтижелілігін бағалаудың ашықтығын;

- қоғамды басқару жөніндегі шешімдерді қабылдау процесінде ашықтықты арттыру үшін алқалы басқару органдарының (Ғылыми кеңестің және т. б.) құрамына студенттік қоғамдастықтың қатысуын;

- Басқарма Төрағасы- Ректордың қоғам ұжымы/жұртшылық алдындағы қызметі туралы есебін жыл сайын тыңдауын.

6.7 Қызмет ерекшелігінен туындайтын өзара қарым-қатынастарды жүзеге асыру кезінде Әдеп жөніндегі кеңес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңес мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- корпоративтік этика Кодексінің негізінде бірыңғай этикалық стандарттар мен іскерлік этика нормаларын енгізуді;

- этикалық сипаттағы кез келген мәселелерді анықтау үшін қызметкерлердің жасырын және дербестендірілген түрде жүгінуіне арналған этикалық мәселелер бойынша кері байланыс жүйесін пайдалануды;

- қызметкерлерді парақорлықтың немесе кез келген сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының болжамды немесе орын алған жағдайлары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жұмысы туралы Әдеп жөніндегі кеңеске немесе тиісті лауазымды адамдарға (тікелей не тиісті үшінші тарап арқылы) хабарлауға көтермелейтін және мүмкіндік беретін рәсімдерді енгізу;

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген жағдайына қатысты тергеу және шаралар қабылдау бойынша рәсімдерді енгізуді;

- университеттің, оның құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

ІНҚ-ZU-33-02	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	8-беттен 2 бет
--------------	--	-------------------

қызметінің нәтижелерін бағалауды.

7 СТАНДАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

7.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандарттың сақталуы (сақталмауы) туралы ақпарат қызметкер, қоғам қызметінің тиімділігін бағалау кезінде пайдаланылады.

7.2 Осы Стандарт бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

8 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Стандартты орындамағаны үшін Қоғамның ішкі нормативтік құжатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік және өзге де жауапкершілік белгіленеді.

9 ӨЗГЕРІСТЕР

Осы стандарттың «Өзгерістер туралы хабарламаларды» әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу ІНҚ-ZU-15-02 сәйкес жүргізілуі және «өзгерістерді тіркеу парағына» енгізілуі тиіс.

ІНҚ-ZU-33-02	Ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты	8-беттен 2 бет
--------------	--	-------------------

[illegible]

Танысу парағы

